

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Satbayev University

Қ.Тұрысов атындағы геология, мұнай және тау-кен ісі институты

Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және
барлау кафедрасы

Нұраддин Жалғас Асқарұлы

**ЖОҒАРҒЫ ЕСПЕ СИРЕК ЖЕР КЕНОРЫНЫ МЕТАСОМАТОЗДЫҚ
ЖҮЙЕДЕГІ МИНЕРАЛДАРДАҒЫ БЕЛДЕМДІЛІКТІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Мамандығы: 7М07206 – «Геология және қатты пайдалы қазба
кенорындарын барлау»

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы геология, мұнай және тау-кен ісі институты

ӘӨЖ 558.086

Қолжазба құқығында

Нұраддин Жалғас Асқарұлы

Магистр академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ


Диссертация атауы: «Жоғарғы Еспе сирек жер кенорны метасоматоздық жүйедегі минералогиялық белдемділік ерекшелігі»

Дайындау бағыты: «6М070600 – Геология және пайдалы қазбакенорындарын барлау»

Ғылыми жетекші,
PhD докторы, лектор

 Байсалова Акмарал Омархановна

Пікір беруші,
PhD докторы, Қазақстан-Британдық Техникалық Университетінің
«Геология және геологиялық барлау» факультеті деканының орынбасары


 Тулемисова Жамал Сериковна

Норма бақылаушы,
PhD докторы, сениор-лектор

 Кембаев М.К.

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

ГТПҚКІЖБ кафедрасының
менгерушісі

PhD докторы, ассоц.проф.
 Бекботаева А.А.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы геология, мұнай және тау-кен ісі институты

ӘӨЖ 558.086

Қолжазба құқығында


Нұраддин Жалғас Асқарұлы

Магистр академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған

БЕКІТЕМІН

ГТПҚКІЖБ кафедрасының
меңгерушісі

PhD докторы, ассоц.проф.

 Бекботаева А.А.

«17» _____ 06 _____ 2021ж.

**Магистрлік диссертация орындауға
ТАПСЫРМА**

Магистрант Нұраддин Жалғас Асқарұлына

Тақырыбы: «Жоғарғы Еспе сирек жер кенорыны метасоматоздық жүйедегі минералдардағы белдемділік ерекшелігі»

Университет Ректорының 2019 жылғы «06» 11 №311-М бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2021 жылғы «18» шілде
Магистрлік диссертацияның бастапқы берілістері: *Ақжайлаутас гранитті массивінің геологиялық сипаттамасы, графикалық материалдар.*

Магистрлік диссертацияда қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) *гранит интрузиясының геологиялық құрылысы және петрографиялық құрамы*

ә) *апогранит массивінің Үлкен және Кіші шығымының геологиялық құрылысы*

б) жоғары температуралы сілтілі-галоидты метасоматоз ерекшелігі

в) тау жыныстарын микроскопиялық зерттеу

Ұсынылатын негізгі әдебиет:

1. Минеев Д.А. Геохимия апогранитов и редкометалльных метасоматитов северо-западного Тарбагатая. – М.: Изд-во Наука, 1968. – 185 с

2. Ерджанов К.Н. Гранитные интрузии и пегматиты Тарбагатая. – Алма-Ата, 1963. - 278 с.

3. Беус А.А., Северов Э.А., Ситнин А.А., Субботин К.Д. Альбитизированные и грейзенизированные граниты (апограниты). – М.: Изд. АН СССР, 1962. – 196 с

4. Belov V.A., Ermolov P.V. The Verkhnee Espe RM Deposit in East Kazakhstan. Shatov (Ed.). Granite-related ore deposits of Central Kazakhstan and adjacent areas. – Glagol: St Petersburg, 1996. – P. 219-228.

Магистрлік диссертация дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Гранит интрузиясының геологиялық құрылысы және петрографиялық құрамы	04.03.2021 ж.	
Жоғарғы Еспе кен орнының геологиялық құрылысы (Үлкен және Кіші шығым)	10.03.2021 ж.	
Жоғары температуралы сілтілі-галоидты метасоматоз ерекшеліктері	22.03.2021 ж.	
Интрузивті таужыныстарды петрографиялық зерттеу	21.04.2021 ж.	
Тау жыныстарын микроскопта қарап, зерттеу	12.05.2021 ж.	

Аяқталған магистрлік диссертация бөлімдеріне кеңесшілер мен норма
бақылаушының қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Гранит интрузиясының геологиялық құрылысы және петрографиялық құрамы	Байсалова А.О. PhD докторы, лектор	09.03.2021 ж.	
Жоғарғы Еспе кен орнының геологиялық құрылысы (Үлкен және Кіші шығым)	Байсалова А.О. PhD докторы, лектор	16.03.2021 ж.	
Жоғары температуралы сілтілі-галоидты метасоматоз ерекшеліктері	Байсалова А.О. PhD докторы, лектор	30.03.2021 ж.	
Интрузивті таужыныстарды петрографиялық зерттеу	Байсалова А.О. PhD докторы, лектор	27.04.2021 ж.	
Тау жыныстарын микроскопта қарап, зерттеу	Байсалова А.О. PhD докторы, лектор	05.06.2021 ж.	
Норма бақылаушы	Байсалова А.О. PhD докторы, лектор	15.06.2021 ж.	

Ғылыми жетекші



Байсалова А.О.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



Нұраддин Ж.А. Күні

«17» маусым 2021ж.

Алматы 2021

АНДАТПА

Бүгінгі таңда сирек және сирек жер элементтері қолданылмайтын технологияны атау қиын. Олар атом энергетикасында, радиоэлектроникада, авиациялық және зымыран техникасында, машина жасауда белсенді қолданылады. Неодим – жел турбиналары мен қатты диск драйверлерінде қолданылатын магниттердің негізгі компоненті. Лантан – мұнай өңдеу өнеркәсібінде қолданылатын катализаторлардың маңызды құрамдас бөлігі.

Геологиялық ғылымдар институтының деректері бойынша сирек жер элементтері Құндыбай, Жанет, Оңтүстік Жаур, Көктенкөл, Жоғарғы Эспе, Қарасу сирек металл кен орындарында, сондай-ақ Қаратау фосфорит массивінде бар.

Рудалық шикізаттың ішінен Шығыс Қазақстан облысында орналасқан Жоғарғы Эспе кен орны жоғары практикалық қызығушылық тудырады, онда сирек металдар мен сирек жердің минералдануы кеңінен таралған. Бұл кен орны ұсақ шашыраңқы кендерді байыту үшін қосымша барлау мен зерттеулерді қажет етеді.

Магистрлік диссертацияның мақсаты – Ақжайлаутас гранитті массивінің (Үлкен және Кіші шығым) апогранитті және метасоматитті таужыныстарына петрографиялық және минералогиялық зерттеулер жүргізу. Таужыныстардағы инфильтрациялық және диффуздық метасоматоз процесінің даму ерекшеліктеріне тұжырым жасау. Сонымен қатар жеке минералдардағы белдемді құрылымның түзілу реттілігін зерттеп, олармен байланысты сирекжер минералдары мен элементтерінің түзілу, орналасу ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

АННОТАЦИЯ

Сегодня трудно назвать технологию, в которой не используются редкие и редкоземельные элементы. Они активно используются в атомной энергетике, радиоэлектронике, авиационной и ракетной технике, машиностроении. Неодим является основным компонентом магнитов, используемых в ветряных турбинах и жестких дисках. Лантан является важным компонентом катализаторов, используемых в нефтеперерабатывающей промышленности.

По данным Института геологических наук редкоземельные элементы имеются на месторождениях редких металлов Кундыбай, Жанет, Южный Жаур, Коктенколь, Верхнее Эспе, Карасу, а также в Каратауском Фосфоритном массиве.

Из рудного сырья наибольший практический интерес представляет Верхне-Эспинское месторождение, расположенное в Восточно-Казахстанской области, где распространены редкие металлы и редкоземельная минерализация. Это месторождение требует дополнительной разведки и исследований для обогащения мелкодисперсных руд.

Цель магистерской диссертации - проведение петрографических и минералогических исследований апогранитных и метасоматитных пород Акжайлаутасского гранитного массива (большой и малый выход). Сформулировать особенности развития процесса инфильтрационного и диффузного метасоматоза в породах. А также изучить последовательность формирования поясных структур в отдельных минералах и выявить особенности образования, расположения связанных с ними редкоземельных минералов и элементов.

ANNOTATION

Today, it is difficult to name a technology in which rare and rare earth elements are not used. They are actively used in nuclear power, radio electronics, aviation and rocket technology, and mechanical engineering. Neodymium is the main component of magnets used in wind turbines and hard disk drives. Lanthanum is an important component of catalysts used in the oil refining industry.

According to the Institute of Geological Sciences, rare earth elements are found in the deposits of rare metals Kundybai, Zhanet, Yuzhny Zhaur, Koktenkol, Verkhneye Espe, Karasu, as well as in the Karatau Phosphorite massif.

Of the ore raw materials, the Verkhne-Usinskoye deposit, located in the East Kazakhstan region, where rare metals and rare-earth mineralization are common, is of the greatest practical interest. This deposit requires additional exploration and research for the enrichment of fine ores.

The purpose of the master's thesis is to conduct petrographic and mineralogical studies of boundary and metasomatite rocks of the Akzhailautas granite massif (large and small outcrop). To formulate the features of the development of the process of infiltration and diffuse metasomatism in rocks. And also to study the sequence of formation of polysynthetic structures in individual minerals and to identify the features of the formation and location of related rare-earth minerals and elements.

МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ	10
1	Ақжайлаутас гранитті массивіне қысқаша сипаттама	13
2	Гранит интрузиясының геологиялық құрылысы және петрографиялық құрамы	14
2.1	Интрузияның бірінші фазасы	14
2.2	Интрузияның екінші фазасы	16
2.3	Желілік формациялар	21
2.4	Интрузияның үшінші фазасы	22
2.5	Интрузия тектоникасы	25
2.6	Интрузивті таужыныстар стратиграфиясы	26
3	Апогранит массивінің Үлкен және Кіші шығымы	28
4	Жоғары температуралы сілтілі-галоидты метасоматоз	40
5	Зерттеу әдістемесі	43
5.1	Петрографиялық зерттеулер	45
5.2	Тау жыныстарын микроскопиялық зерттеу	46
5.3	Микрозондтық және рентгенқұрылымдық талдаулар	47
	ҚОРЫТЫНДЫ	48
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	50

КІРІСПЕ

Сирек жер элементтеріне иттрий, лантан және лантаноидтар тобының 13 элементі (церий, празеодим, неодимий, самарий, еуропий, гадолиний, тербиум, диспрозий, холмий, эрбиум, тулий, иттербиум, лютеций) жатады.

СЖМ іс жүзінде жер қыртысында көп кездеседі, бірақ оларды минералдар мен таужыныстарынан экономикалық тұрғыдан тиімді бөліп алу өте қиын.

СЖЭ көбінесе торий, уран сияқты радиоактивті элементтермен бірге өндіріледі бұл адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау салаларында үлкен мәселелер тудырады. Сонымен қатар, оларды бөлу үшін көптеген зиянды химиялық заттар мен электр энергиясы қажет.

Геологиялық ғылымдар институтының деректері бойынша сирек жер элементтері Құндыбай, Жанет, Оңтүстік Жаур, Көктенкөл, Жоғарғы Эспе, Қарасу сирек металл кен орындарында, сондай-ақ Қаратау фосфорит массивінде бар.

Рудалық шикізаттың ішінен Шығыс Қазақстан облысында орналасқан Жоғарғы Еспе кен орны жоғары практикалық қызығушылық тудырады, онда сирек металдар мен сирек жердің минералдануы кеңінен таралған. Бұл кен орны ұсақ шашыраңқы кендерді байыту үшін қосымша барлау мен зерттеулерді қажет етеді.

Тақырыптың өзектілігі: Сирек жер элементтеріне сұраныстың үнемі артуы олардың ерекше қайталанбас қасиеттерімен байланысты. Сирек жер элементтері электронды және электро-оптикалық салалар, ақпараттық технологиялар, биомедицина, қоршаған ортаны қорғау, энергия үнемдеу сияқты жоғары технологиялық тұтыну салалары үшін материалдар өндіруде шешуші рөл атқарады. Олар фосфор, өнеркәсіптік керамика, мұнай өңдеу және автомобиль өнеркәсібіне арналған катализаторлар, өткізгіштер, тұрақты магниттер, жоғары сапалы әйнек, талшықты оптика, оттегі сенсорлары, лазерлер, электромобильдер, кино және фотоаппараттар үшін ұзақ қызмет ететін аккумуляторлар өндірісінде қолданылады. Бұдан басқа, металлургияда өнімнің сапасын арттыру үшін кеңінен қолданылады.

Жұмыстың мақсаты: Ақжайлаутас гранитті массивінің (Үлкен және Кіші шығым) апогранитті және метасоматитті таужыныстарына петрографиялық және минералогиялық зерттеулер жүргізу. Таужыныстардағы инфильтрациялық және диффуздық метасоматоз процесінің даму ерекшеліктеріне тұжырым жасау. Сонымен қатар жеке минералдардағы белдемді құрылымның түзілу реттілігін зерттеп, олармен байланысты сирекжер минералдары мен элементтерінің түзілу, орналасу ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

Зерттеу нысаны: Ақжайлаутас гранитті массиві (Үлкен және Кіші шығым) Жоғарғы Еспе кенорыны(Шығыс Қазақстан облысы).

Зерттеу тәсілдері: жоспарланған мақсатқа жету үшін келесі зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет:

Петрографиялық зерттеулер тау жыныстарының үлгілерін макроскопиялық (визуалды) зерттеу;

Поляризациялық микроскоптың көмегімен шлифтердегі таужыныстардың құрылымын, минералдық құрамын егжегжейлі зерттеу;

Микрозондты және рентгенқұрылымдық әдістерді қолдана отырып таужыныс құрамындағы сирек жер элементтерінің орналасу ерекшеліктерін зерттеу;

Зерттеу нәтижелерін негізге ала отырып минералдардың таралу ерекшеліктерін анықтау;

1. АҚЖАЙЛАУТАС ГРАНИТТІ МАССИВІНЕ ҚЫСҚАША ГЕОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМА

Ақжайлаутас гранит массиві – Тарбағатай жотасының ең ірі интрузивтерінің бірі (шамамен 40x20 км), солтүстік-батыс бағытта меридиан бойымен созылып жатыр.


Зерттеушілердің көпшілігі граниттерді іргелес аумақтарда кең таралған ерте-жоғарғы палеозой кешеніне (Севрюгин, 1959) жатқызу туралы қорытындылаған. В. Е. Гендлер (1964) Тарбағатай жотасының гранитоидтарымен массив жыныстарының химиялық құрамы бойынша айтарлықтай ұқсастығын анықтады.

Массив аймағының көп бөлігі граниттерден тұрады, олардың ішінде биотитті және лейкократты түрлестері басым және олардың біртіндеп өзгеруімен сипатталады. Биотитті граниттер, олар массивтің солтүстік және солтүстік-батыс бөліктерінде кеңінен таралған. Лейкократты граниттер массивтің орталық және оңтүстік бөліктерінде орналасқан (сурет-1.1).

Биотитті граниттердің даму аймағында лейкократты граниттерде кездеспейтін көптеген қалдық тау жыныстары байқалады. Бұл лейкократты граниттердің массивтің орталық бөліктеріне орналасуынан, В.Е. Гендлер, Э.А. Северов және В.Г. Чуйкова (Гендлер) интрузияның шеткі бөлігінде сиыстырушы тау жыныстары мен лейкократты магмасы жапсарласуы нәтижесінде биотитті түрлестері пайда болды деп болжады.[1]



1.1-сурет – Ақжайлаутас массивіндегі лейкократты-гранитті шығым,
Байсалова А.О [5]



1.2-сурет – Ақжайлаутас гранит массивінің схемалық және геологиялық картасы,
(Минеев Д.А.) [1]

2. ГРАНИТ ИНТРУЗИЯСЫНЫҢ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ПЕТРОГРАФИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Ақжайлаутас интрузивінің құрылысында жасы бойынша бірнеше интрузивті фазаларға жататын құрамы мен құрылымы бойынша әртүрлі тау жыныстары кездеседі.

Интрузияның ең ерте кезеңі негізгі құрамды жыныстарымен, ал кештеу кезеңі граниттермен ұсынылған, интрузияның әрбір келесі фазасы алдыңғы фазадан қышқылдылығымен ерекшеленеді. Кешеннің қалыптасуының соңында сілті құрамды интрузивтері пайда болды.[2]

2.1 Интрузияның бірінші фазасы

Габбро және диориттер – қарастырылып отырған интрузивтің ең алғашқы түзілімдері. Олар шектеулі түрде таралған. Негізді жыныстардың шығымы Ақжайлау массивінің граниттерінің арасында кездеседі. Мұнда Тайбугатас тауынан оңтүстік-шығыс бағытта шамамен 350-400 м қашықтықта габбро мен диориттер ашылымы кездеседі. Қызғылт порфиридті биотитті ірі түйірлі граниттердің апофизі диориттер денесіне 50 м терең еніп, қалыңдығы 1-ден 7 м-ге дейін жетеді.

Габбро макроскопиялық тұрғыдан диоритке қарағанда қаралау және қою жасыл түсімен, сондай-ақ түрлі-түсті минералдардың едәуір көп мөлшерімен ерекшеленеді. Оған шомбал бітім тән.

Габбро құрамында негізді плагиоклаз және моноклиндік пироксен бар; ромбылық пироксен сирек кездеседі. Аз мөлшерде апатит, магнетит, эпидот, кальцит, кварц, хризотил, серицит, хлорит және темір гидроксиді бар. Құрылымы габбро-офитті.

Моноклиндік пироксен 1-1,5мм ксеноморфты кристалдар түзеді, көбінесе оның құрамында плагиоклаздың ұсақ қосындылары болады және ашық-жасыл талшықты хризотилге айналады.

Плагиоклаз қарапайым егіздіктері бар кең тақта түрінде кездеседі, көбінесе ол эпидот, цоизит, альбит, хлорит және серицит агрегатына айналған.

Диориттер макроскопиялық түрде шомбал және сирек гнейс тәрізді қарасұр ұсақ түйірлі тау жынысы болып табылады. Микроскоптың көмегімен оларға диоритті, сирек офитті құрылым тән екені анықталды, сонымен қатар андезин, мүйізалдамшы, биотит және кварц түйірлерінен тұратындығын көруге болады. Аксессуар минералдардан апатит, сфен, магнетит және туынды – эпидот, серицит және хлорит кездеседі. Түйір мөлшері 0,5-тен 1,5 мм-ге дейін өзгереді.

Мүйізалдамшы айқын көрінетін плеохроизмі бар ұзартылған ксеноморфты дәндерді құрайды. Сөну бұрышы 15-16°. Метасоматоздық өзгеріс кезінде мүйізалдамшы биотит пен хлоритке айналады.

Плагиоклаз полисинтетикалық егіздіктері бар ұзартылған тақталы кристалдарда дамыған және жекелеген аймақтарда зоналық құрылымы бар. Плагиоклаздар серицит және эпидот агрегатына өзгерген.

Гранодиориттер габбро мен диориттерге қарағанда кең таралған. Гранодиориттердің көлемі бойынша ең ірі шығымы Ақжайлау сілемінің шығыс шеткері бөлігінде орналасқан. Мұнда олар ұзындығы шамамен 15 км, ені 300-ден 1500 м-ге дейін созылған тектоникалық жарылым бойымен созылған дайканы құрайды. Гранодиориттің денесі батыстан граниттермен тектоникалық жарылым арқылы байланысады, ал шығысында төменгі карбон шөгінді және шөгінді-эффузивті жыныстармен жапсарласады. Ақжайлау тауында ұзындығы шамамен 1,5 км, ені 150-250 м гранодиориттің екінші шығымы биік гранит шыңдарының арасындағы сайда орналасқан.

Гранодиориттер макроскопиялық түрде сұр түсті, сирек қызғылтым реңкті ұсақтүйірлі немесе ортатүйірлі дәндері бар шомбал бітімді таужыныстарды құрайды. Микроскоптың көмегімен олардың гипидиоморфты құрылымы және зоналы олигоклаз-андезиннен, микропертиттен және торлы микроклиннен, кварцтан, мүйізалдамшыдан, биотиттен тұратыны анықталы. Акцессор минералдардан апатит, сфен, магнетит, туынды минералдардан эпидот және серицит бар.

Мүйізалдамшы жасыл реңктерде анық плеохроизм байқалады, сөну бұрышы 18°. Пертитті дала шпаттары айтарлықтай пелиттенген. Кварц пен пертиттер әдетте плагиоклаз түйірлері арасындағы бос жерлерді толтырады. Сонымен қатар, кварц көбінесе дала шпаттарының дәндерінің түйіскен жерінде мирмекит өсінділерін құрайды. Акцессорлық минералдар, әдетте, таужынысының қара түсті компоненттерімен байланысты, ал кейбір түрлері апатитпен байытылған.

Биотит-горнблендті граниттер өте сирек кездеседі. Олардың ең үлкен шығымы Қызылағаш өзенінің оң жағалауында қызғылт ірі түйірлі биотитті граниттердің түйісу аймағында орналасқан.

Биотит-горнблендті граниттер генетикалық және кеңістікте гранодиориттермен байланыста, олар біртіндеп қышқыл құрамды таужыныстарға айналады. Олардың кейбір түрлестері біртіндеп ірі түйіршікті биотитті граниттерге айналған.

Макроскопиялық тұрғыдан олар сұр-қызғылт түсті және орташа немесе ірі түйірлі құрылымға ие. Минералогиялық құрамы: қышқыл плагиоклаз, калий-натрийлі дала шпаты, кварц, биотит, мүйізалдамшы, апатит, циркон, сфен, сирек монцанит.

Пертитті дала шпаты 1-ден 2,5 мм-ге дейінгі идиоморфты тақта тәрізді дәндерді құрайды, кейбір жерлерде сәл пелиттенген. Пертит микроклинге қосылған жұқа параллель альбит қабыршықтарының болуымен сипатталады. Микропертиттер де кездеседі, олар кейде кварцпен микропегматитті байланысады.

Плагиоклаз айқын полисинтетикалық егіздіктері бар олигоклазбен ұсынған. Кейбір жерлерде ол зоналық құрылымға ие, ал кристалл ядросы әдетте қарқынды серициттелген, ал шеткі бөліктері қышқыл олигоклаздан тұрады. Түйір мөлшері 1,5 мм-ден аспайды, пертиттердегі плагиоклаз зоналық плагиоклаздардың бөліктеріне қарағанда қышқыл.

Мүйізалдамшы ұзартылған ксеноморфты кристалдарда байқалады, олар палеохроизмге ие : Ng-жасыл, Nm-сарғыш жасыл, Np-ашық жасыл, сөну бұрышы: 14 -16°.

Биотит тұрақты емес иілген жапырақ пішінді түрде дамиды, қою қоңырдан ашық сарыға дейін анық плеохроизмге ие.

Кварц мөлшері 1,6-2,5 мм ксеноморфты дәндер түрінде кездеседі және толқынды сөну байқалады.

Апатит ұсақ призмалық кристалдардан тұрады. Сфен жоғары интерференциялық түсі бар кристалдардың конверт тәрізді немесе сына тәрізді пішінге ие. Кішкентай призмалық кристалдардағы циркон әдетте биотитпен кездеседі.

Биотит-горнблендті граниттер гипидиоморфты құрылымға ие, олар минералдардың пайда болу тізбегінің келесі тәртібіне бағынады: мүйізалдамшы, апатит, плагиоклаз, циркон, пертит, сфен, биотит, кварц және магнетит.

Химиялық құрамы мен сандық сипаттамалары бойынша биотит-горнблендті гранит барлық кезеңдердегі гранитке жақын. Глиноземнің, әктас пен сілтінің молекулалық мөлшерінің қатынасы бойынша талданған үлгі қалыпты құрамдағы тау жыныстарының класына жатады.

2.2 Интрузияның екінші фазасы


Биотитті граниттер. Ақжайлау интрузивті алаңының 80%-ын құрайтын неғұрлым кең таралған биотитті гранитті таужыныстар интрузияның екінші фазасымен байланысты (сурет-2.2.1). Олардың ішінде гранит-порфир, аплит, кварц-дала шпаты пегматиттері мен сілтілі граниттермен ұсынылған желілі жыныстар айтарлықтай таралған.



2.2.1-сурет – Өзгермеген биотитті гранит

Биотит граниттері құрылымы бойынша түйірлерінің орташа диаметрі 3-тен 8 мм-ге дейін, ұсақ және порфирлі граниттерге бөлінеді (сурет-2.2.2). Интрузивте биотит граниттерінің барлық құрылымдық түрлестері рельефі мен

морфологиялық ерекшеліктері бойынша бір-бірінен жақсы ажыратылады. Мысалы, денудациялық процестермен оңай морулатын ірі түйірлі граниттер, әдетте, жер бедерінде неғұрлым төмен учаскелерде (таулар мен өзен аңғарларының етегі мен төменгі баурайлары) кездеседі. Орташа және ұсақ түйірлі граниттер, сондай-ақ олардың порфир тәрізді түрлестері, салыстырмалы түрде нашар жойылады, әрдайым рельефте гранит массивінің ең жоғары аудандарыда орналасқан. Порфир тәрізді орта және ұсақ түйірлі граниттер созылған доға тәрізді денелер құрайды.



2.2.2-сурет. Қалыпты граниттің құрылымы және минералдық құрамы

Биотитті зор және ірі түйірлі граниттер ашық қызғылт, сирек ашық сұр түске ие. Дәндердің мөлшері 3-тен 8мм-ге дейін, кейде 12мм-ге дейін өзгереді. Микроскоптың көмегімен тау жынысының құрамында микропертит, кварц, олигоклаз және биотиттің сирек кездесетін жапырақтары анықталды. Аксессуарлық минералдардан апатит, циркон, сфен, магнетит, сирек монацит бар. Плагиоклаздар олигоклаз немесе альбит-олигоклаз қатарына жатады. Ол полисинтетикалық егіздіктері бар ксеноморфты түйірлер құрайды, кейде кварцтың мирмекитті өсінділері кездеседі. Плагиоклаз түйірлерінің мөлшері әдетте микропертиттен 2-3 есе аз. Плагиоклаз көбінесе әлсіз зоналық құрылыммен сипатталады. Кристалл ядросы қарқынды серициттелген олигоклаздан тұрады, ал шеткі бөліктері альбитпен ұсынылған.

Торлы микропертит диаметрі 5-6мм немесе одан да ірі болатын кең тақта тәрізді кристалдар түзеді. Микроклиндегі альбит-олигоклаздың пертиттік қосындылары кристалл көлемінің шамамен 25-30%-ын құрайды. Пертит мөлшері 0,2 0,5 мм-ден кіші. Кейде микропертит кристалдары кварц-дала шпаты құрамды микропегматитінің жиегін бойлай орналасады.


Кварц дала шпаттары мен биотит арасындағы бос жерлерді толтыратын үлкен ксеноморфты дәндер түрінде де, плагиоклаз түйірлерінің түйіскен жерінде

де, ұсақ мирмекитті өсінділер түрінде де дамиды. Әдетте ол жарықшалар болуымен және толқынды сөнуімен сипатталады.

Апатит бүкіл сынамаға таралған ұсақ призмалық кристалдар ретінде кездеседі. Көбінесе ол ашық күлгін түске боялған. Циркон мен сфен биотитпен байланысты ұсақ кристалдар немесе пішінсіз болып кездеседі. Циркон кристалдарының айналасында кейде әлсіз плеохроизм байқалады.

Сфен үшін кристалдардың конверт тәрізді немесе сына тәрізді пішіні, ал циркон үшін ұзартылған призмалар тән. Магнетит әсіресе биотитті опацификациялау кезінде пайда болды, бұл тұрақты емес дәндердің жиналуы ретінде көрініс береді.

Мусковит салыстырмалы түрде сирек кездеседі, көбінесе биотитті алмастырады (сурет-2.2.3). Бірнеше жағдайда тау жынысында біз цирконға ұқсас жоғары интерференциялық түсі бар, бірақ одан айқын қиғаш сөнуімен ерекшеленетін монациттің сирек призмалық кристалдарын кездесті: сөну бұрышы= 8-ден 9°-қа дейін.



2.2.3-сурет. Жоғарғы интерференциялық түсі бар мусковит минералы.

Сипатталған жыныстар қара түсті компоненттер санының өзгеруіне байланысты кейбір жағдайларда типтік сілтілі биотиттерге, ал басқаларында лейкократ граниттеріне жақындайды. Соңғылары гипидиоморфты құрылымға ие және минералдардың бөлінуінің келесі реттілігімен сипатталады: апатит, плагиоклаз, циркон, сфен, микроклин, биотит, мусковит, магнетит, монацит және кварц.

Биотитті орташа түйірлі граниттер массивтің әртүрлі бөліктерінде кездеседі, олар біртіндеп ірі түйірлі, ұсақ түйірлі және порфирлі түрлестеріне ауысады. Олардың түсі ашық қызғылттан қызылға дейін өзгереді. Түйірлердің мөлшері 1-3 мм шегінде ауытқып отырады. Таужыныс шомбал бітімді.


Минералогиялық құрамы жоғарыда сипатталған зор және ірі түйірлі биотит граниттерімен бірдей. Орташа түйірлі граниттерден айырмашылығы-

олардың арасында лейкократты және мусковитті сирек кездесетін турмалин мен флюориттің түйірлері бар. Соңғысында кейде биотит пен мусковит бір уақытта болады, олар екі қабатты гранитті құрайды. Калбин типіндегі граниттерге жақын, лейкократ граниттерінің құрамында кварц, дала шпаттары басым. Орташа түйірлі граниттердің құрылымы гипидиоморфты.

Биотит порфирлі граниттері ұсақ түйірлі пегматитті граниттермен бірге интрузивтің шеткі бөлігін құрайды. Тау жыныстарының бітімі массивті, түсі ашық қызғылт.

Порфирлі граниттер үлкендігі 4-6 мм-ге дейін порфирлі микропертит және кварц түйірлерінен тұрады, олардың аралығы альбит-олигоклаз, калийлі дала шпаты, кварцтан және биотиттен тұратын ұсақ түйірлі немесе микропегматитті массаны құрайды. Акцессор минералдардан циркон, магнетит, апатит, ортит және флюорит бар. Туынды минералдар серицит, хлорит және пелитпен ұсынылған.

Құрамы бойынша плагиоклаз полисинтетикалық егіздіктері бар қышқыл серициттелген олигоклазға жатады (сурет-2.2.4). Калишпаттар көбінесе микропертитпен, сирек микроклинмен, кейде аздап сирециттелген. Биотит пен мусковит бүкіл таужынысына таралған. Биотит көбінесе хлориттенген және құрамында циркон кездеседі. Бір шлифте қою-қзыл түсті призмалық кристалл түрінде ортит байқалды.



2.2.4-сурет гранитті құрылым (Жоғарғы Еспе кенорыны)

Құрылымдық қатынастарға сүйене отырып, минерал жаралудың келесі тәртібі анықталды: апатит I генерация, қышқыл плагиоклаз, микропертит, циркон, II генерация, апатит, биотит, магнетит және кварц.

Бірінші генерацияның апатиті серициттелген плагиоклаздарға кіретін ине тәрізді кристалдармен ұсынылған, ал екінші генерацияның апатиті призмалық кристалдармен сипатталады.

Порфир граниттері әдетте біртіндеп ұсақ түйірлі биотит граниттеріне өтеді. Соңғысының құрамында, көрсетілгендерден айырмашылығы, қызғылт флюориттің сирек кездесетін минералдары бар.

Ақжайлау алабының батыс жапсарында шамамен 30% калишпаттан, 50% кварцтан, 10% мусковиттен, 5% биотиттен және 5% кианиттен тұратын грейзенделген ұсақ түйірлі граниттер кездеседі. Сонымен қатар, олардың құрамында циркон мен магнетиттің шашыраңқы түйірлері бар.

Кианит 0,1-1 мм ұзартылған призма түйірлері түрінде кездеседі. Ұзарту таңбасы оң, оптикалық екі осьті. Сөну бұрышы 9° - 10° . Призмалық кристалдың ұзаруына параллель жіктілік жақсы байқалады, сонымен қатар өзара қиылысатын жіктілік іздері көрінеді. Таужыныстағы кианит мусковитпен байланысты және әдетте слюдалар арасында дамиды. Грейзенделген граниттер ұсақ түйірлі құрылымға ие.

Сілтілі граниттер созылған гипабиссальды денелер мен ұсақ штоктар түрінде кездеседі, ұзындығы 1 км-ден аспайды, қалыңдығы 30-дан 400 м-ге дейін. Олардың жаралуы кристалданудың соңғы кезеңінде, екінші фазалық интрузияның салқындауының соңына қарай жүрді. Сілтілі граниттер плутонның жанасу бөлігінде орналасқан, жоғарыда аталған граниттермен интрузивті байланыс жасайды.

Визуалды түрде олар сұр және қызғылт түсімен және порфир тәрізді тығыз құрылымымен ерекшеленеді. Минералогиялық құрамы: қышқыл плагиоклаз (15-25%), микроклин және микропертит (60-65%), кварц (15-20%), биотит, сілтілі мүйіздалдамшы, апатит, циркон, сфен, магнетит, монацит, серицит және хлорит.

Плагиоклаз альбит-олигоклаз қатарына жатады, ұзындығы 0,1-ден 1,5 мм-ге дейін салыстырмалы түрде ұсақ түйірлер құрайды. Альбит туынды минералдарсыз, ал альбит-олигоклаз сәл серициттелген. Микроклин торлы құрылымға ие, өлшемі 1-3 мм болатын үлкен тақталы кристалдар түзеді, әдетте сәл пелитизация процесіне ұшыраған. Ол көбінесе альбитпен өсіп, пертит түзеді, кейде олигоклаз-альбиттің сирек қосындыларын қамтиды.

Кварц ксеноморфты масса түрінде кездеседі, олар альбит пен микроклин түйірлері арасындағы кеңістікті толтырады. Көбінесе плагиоклазда мирмекит өсінділерін құрайды.

Биотит анық плеохроизмі бар сирек идиоморфты призмалық кристалдар түрінде дамиды: Ng – қою қоңырдан қараға дейін, Np – қою жасыл реңкпен. Қарқынды хлориттелген және құрамында кварцтың симплекитті өсінділері бар.

Сілтілік мүйіздалдамшы сирек ұсақ түйірлер түрінде кездеседі және қою көк түстен сары-жасылға дейін анық плеохроизмге ие, сөну бұрышы 10 - 12° . Оптикалық қасиеттері бойынша сілтілі мүйіздалдамшы арфведсонитке жақын.

Циркон биотит минералдарымен бірге кездесетін кішкентай призмалық кристалдарды құрайды. Апатит ұсақ ине тәрізді кристалдар түрінде, ал магнетит пен сфен түйірлі масса түрінде кездеседі.

Монацит сөну бұрышы 9° , созылған призмалық дәндерді құрайды, жоғары қызғылт сары интерференциялық түске ие. Әдетте, ол биотитпен бірге кездеседі. Түйір мөлшері 0,2 мм.

Таужыныстағы туынды минералдар (серицит, хлорит және пелит) өте нашар дамыған. Сілтілі граниттер ұсақ түйірлі микропегматитті тау жынысының негізгі массасында торлы микроклиннің үлкен түйірлерінің болуына байланысты порфир тәрізді гипидиоморфты құрылымға ие, кейбір жағдайларда дала шпаттары мен кварц ұсақталып, содан кейін агрегат массасымен үлкен дәндердің бұзылып қайта кристалдануға ұшырайды, ал биотит қарқынды опацификацияға ұшырап иілген парақшалар түрінде дамиды.

2.3 Желілік формациялар

Желілік формация екінші фазаның гранит интрузиясының кристалдануының соңғы сатысымен байланысты интрузивті порфирлермен, аплиттермен, кварц-дала шпаты пегматиттерімен және кварц желісімен ұсынылған.

Интрузия ішінде порфир дайкалары өте жиі кездеседі. Ұзындығы 600 - 1000м, қалыңдығы 3-тен 12 м-ге дейін өзгереді. Олардың арасында минералогиялық құрамы мен құрылымы бойынша гранит порфирлері, плагиопорфирлер және кварц порфирлері ерекшеленеді.

Гранит порфирлері – бұл микрогранитті порфир тәрізді құрылымы бар ашық немесе ашық қызғылт түсті шомбал жыныстар. Микроскоптың көмегімен олар серициттелген қышқыл плагиоклаздың, калий шпатының, кварцтың және хлориттелген биотиттен тұратындығы анықталды. Апатиттің инелі кристалдары және магнетиттің шашыраңқы дәндері кездеседі.

Гранит порфирлері сферолит порфирлерімен генетикалық және кеңістікте тығыз байланысты. Соңғылары сферолит-микроройкилит кварц-дала шпаты базисінен және калишпат пен олигоклаздың сирек порфиридті секрецияларынан тұрады. Циркон, апатит, темір оксидтері және сирек биотит бар. Порфир секрецияларының мөлшері 2-2,5 мм, ал негізгі дәндер 0,1-0,2 мм.

Плагиопорфирлер қызғылт түсті, серициттелген полигоклаздың қосындыларынан (15-20%) және микропегматит-сферолит құрылымының ұсақ түйірлі кварцты дала шпатының негізгі массасынан тұрады. Биотит, циркон және магнетит бар. Сферолиттер-бұл микропегматитті кварц-дала шпатты масса, оның ортасында калишпаттың салыстырмалы түрде үлкен тақта тәрізді кристалдары орналасады.

Кварц порфирлері сұр немесе ашық сұр түске ие, сонымен қатар порфир құрылымына ие. Олардың құрамында кварц фенокристалдары және микрогранит құрылымының ұсақ түйірлі бөлігі болады. Негізгі бөлігі кварц агрегатынан, пелиттелген калишпаттан және альбиттен тұрады. Кейде мусковит, магнетит және ярозит болады. Сирек жағдайларда, торлы микроклинмен, кварцпен және сфенмен байланысты жасыл сілтілі мүйізіаламшы (рибекит қатарлары) айтарлықтай мөлшерде кездеседі.

Кварцты сиенит тек бір жағдайда Қаракүнге тауының оңтүстігінде әктасты бөлетін жұқа желі (20 см қалыңдықта) түрінде кездесті. Тау жынысы қызыл түске ие, массивті тығыз құрылымға ие және шамамен 90% пертит пен

альбиттен, 10% кварцтан тұрады. Аз мөлшерде серицит, эпидот, хлорит, кальцит және шашыраңқы кен сеппелері бар. Таужыныс орта түйірлі құрылымды.

Интрузивті желілі порфирлер минералогиялық құрамы мен петрохимиялық ерекшеліктері бойынша биотит граниттері интрузиясының шеткі және апикальды бөліктерінің таужыныстарымен көптеген ұқсастықтары бар. Бұл бізге интрузивті порфирлер мен биотит граниттерінің тығыз генетикалық байланысын болжауға негіз береді.

Аплиттер граниттерді, және оларды сиыстырушы таужыныстарды жарып өтуші аз қалыңдықты дайкалар түрінде кездеседі. Дайка қалыңдығы 1-ден 1,5 м-ге дейін, ұзындығы 50-70 м.

Аплиттер негізінен тығыз құрылымды ақ ұсақ түйірлі таужыныстары. Олар ұсақ түйірлі кварц, калишпат, қышқыл плагиоклаз және биотит агрегаттарынан тұрады, түйір мөлшері 0,2-0,3 мм аралығында өзгереді. Көбінесе таужынысының негізгі бөлігі микропегматиттік құрылымға ие, оның аясында сирек кездесетін, салыстырмалы түрде үлкен кварц және калишпат түйірлері кездеседі.

Құрылымы минералогиялық құрамы бойынша порфир тәрізді аплиттер жоғарыда аталған гранит-порфирларға генетикалық жағынан жақын. Химиялық құрамы жағынан аплиттер мен гранит-порфирлер негізгі параметрлері жағынан өте жақын болып келеді. Бұл магмалық ошақтың ортақтығымен байланысын түсіндіреді. Аплиттер гранит порфирлеріне қарағанда аз кездеседі.

Ақжайлау интрузивінің шегінде кварц-дала шпатты пегматиттер кең таралған. Кварц, флюорит және керамикалық шикізат кен орындары олармен кеңістікте және генетикалық байланысты.

Кварц желілері интрузивтің батыс бөлігінде айтарлықтай жоғары таралған, кварц желілерінің пайда болуы интрузивтің ерте варистік магмалық циклінің соңғы кезеңінің қалыптасуын аяқтайды.

Сипатталған массивтің ішінде кварц желілерінің ең көп концентрациясы бар бірқатар учаскелерді бөлуге болады. Осындай учаскелердің бірі Оңтүстік Қаракүнге гранит массивінен шығысқа қарай 1 км жерде орналасқан. Мұнда Аягөз өзенінің оң жағалауында серицит тақтатастарының арасында габбро-диориттің кішкене желісі жатыр, ол бірқатар жерлерде кварц желілерімен байланысты. Олардың ұзындығы шамамен 200 м, қалыңдығы 0,5-2 м.

Желілер ақ және сұр түсті массивті кварцтан тұрады. Жеке учаскелер малахитпен жасыл түске боялған. Кварцтың өзгеруі пириттің ыдырауы мен тотығуына байланысты болады.

Желілі кварцта халькопирит, борнит, пирит және темір тотығының сеппелері кездеседі. Желі бетіндегі мыс мөлшері шамамен 1-ден 3% -ға дейін. Мыс кендерінде ванадий, галлий және кобальт іздері бар. Екінші учаске Кунгей қыстағынан шығысқа қарай 2 км жерде орналасқан. Хлорит-серицит тақтатастарының арасында ұзындығы 6-дан 20 м-ге дейін созылған үш кварц желісі табылды. Қалыңдығы 1,5-3 м.

Негізгі минерал – кейде малахитпен жасыл түске боялған ұсақ кварц, кен минералдары халькопирит, пирит және малахитпен ұсынылған, олар сирек кездеседі.

2.4 Интрузияның үшінші фазасы

Кешварис кезеңінің интрузивті жыныстары массивтің геологиялық құрылымында қосымша рөл атқарады. Олар ұсақ түйірлі аплит тәрізді граниттермен, желілі гранит-порфирлермен және пегматиттермен ұсынылған. Кешварис кезеңінің ұсақ түйірлі граниттері барлық жерде ерте варис интрузивті кешенінің жыныстарымен айқын белсенді байланыста.

Қызыл ұсақ түйірлі граниттер сипатталған массивтің солтүстік бөлігінде жақсы дамыған, олар қимада тұрақты емес пішінді штокты құрайды. Штоктың жалпы ауданы шамамен 40 шаршы метрді құрайды. Қызыл ұсақ түйірлі граниттер жоғарыда сипатталған зор түйірлі биотит граниттерімен байланыста, олардың ішінде ұзындығы 100-ден 500 м-ге дейін болатын көптеген апофиздер бар. Әр түрлі жастағы граниттер арасындағы байланыс олардың құрылымдық және морфологиялық ерекшеліктерімен сипатталады. Денудациялық процестермен оңай жойылатын биотитті ірі түйірлі граниттер, біршама төмен рельефке ие, ал екіншісі эрозиялық процестерге салыстырмалы түрде төзімді болғандықтан, өте жоғары рельефке ие.

Ұсақ түйірлі граниттердің ең үлкен шығымы Ақжайлау тауларының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан, шығым солтүстік-батысқа қарай созылған, ұзындығы шамамен 3 км және ені 700 м штоктәрізді дене құрайды.

Ұсақ түйірлі граниттер сыртқы көрінісі көбінесе қызыл болады. Сонымен бірге ашық қызғылт және ашық сұр түрлестері бар. Граниттерге тығыз ұсақ түйірлі құрылым тән. Минералогиялық құрамы: қышқыл плагиоклаз, калий дала шпаты, кварц, сирек биотит. Акцессор минералдардан мусковит, апатит, циркон және магнетит кездеседі; туынды – эпидот, цоизит, серицит және хлорит.

Тау жынысы орташа түйірлік мөлшері 0,5-1 мм болатын ұсақ түйірлі гранит құрылымымен сипатталады. Көбінесе микропегматиттік құрылымды.

Басқа интрузивті жыныстардың арасында ұсақ түйірлі граниттердің апофиздері порфир құрылымы мен минералды компоненттердің құрамы бойынша ерекшеленеді. Олардағы фенокристалдар-мөлшері 2-3мм пертитті калишпаттар сонымен қатар 0,5-1мм альбит, кварц, микроклин, сондай-ақ сирек эпидот-цоизит минералдары кездеседі және кварцтың өсінділері бар.

Ұсақ түйіршікті граниттермен тығыз генетикалық байланыста болатын желілі жыныстар гранит порфирлерімен, сирек аплиттермен және пегматиттермен ұсынылған. Кешварис магмалық кезеңінің желілі жыныстары ерте варис магмалық кезеңімен байланысты желілі түзілімдерге қарағанда әлдеқайда аз кездеседі. Әр түрлі жастағы бірдей желілі жыныстардың арасындағы айырмашылық петрографиялық сипаттамаларға сәйкес белгіленеді, атап айтқанда: ұсақ түйірлі граниттердің негізгі денелеріне жақын орналасқан желілі гранит порфирлері негізгі жыныстарымен бірдей минералогиялық құрамға, құрылымға және сыртқы келбетке ие. Сонымен қатар, олар ұсақ түйірлі граниттерді еш жерде кесіп өтпейді, бұл олардың бір мезгілде пайда болуымен түсіндіріледі.

Кеш варис уақытының гранит порфирлерінің дайқалары айтарлықтай ұзын 150 м-ден 2 км-ге дейін, қалыңдығы 5-30м.

Гранит порфирлерінің қызғылт түсі және тығыз ұсақ түйірлі порфир құрылымы бар. Микроскоптың көмегімен олардың құрамында ұсақ түйірлі кварц-альбит-микроклин массасы бар екендігі анықталды, сонымен қатар салыстырмалы түрде үлкен микроклин-пертит және кварц кристалдары ерекшеленеді. Кейде биотит және магнетиттің шашыраңқы минералдары кездеседі. Тау жынысы порфир-микрופойкилитті немесе микропегматит құрылымына ие.

Аплит дайқалары гранит-порфирлі дайқаларға қарағанда аз кездеседі және кейінгі түзілімдер болып табылады. Олардың ұзындығы әдетте 5-6 м-ден аспайды, қалыңдығы 10-12 см. Аплиттердің құрамында альбит, калишпат, кварц, сирек биотит және мусковит бар. Жалпы құрылымы ұсақ түйірлі-аплитті, ал жекелеген учаскелерге пегматитті құрылым тән.

Кеш Варис кезеңінің ұсақ түйірлі граниттерімен байланысты пегматиттер ұзындығы 3-4 м, қалыңдығы 5-10 см болатын бірнеше тік желілер түрінде кездеседі. Олардың құрамында ақ альбит және пегматитті өсінділер құрайтын сұр кварц бар. Кристалдардың мөлшері 5-6 мм-ге жетеді.

Желілі негізді жыныстар сирек кездеседі. Жасы бойынша олар граниттерді де, олардың желілерін де қиып өтетін ең жас интрузивті түзілімдер. Олар 0,5-2 м қалыңдықта ұзындығы 200 м-ден асатын диабаз, диорит және порфирит диориттерімен ұсынылған. Сыртқы көрінісі бойынша диабаздар – тығыз порфир құрылымы бар қара немесе қою жасыл түсті жыныстар. Негізгі минералдар – зоналық серициттелген олигоклаз-андезин және жасыл хлориттенген мүйіз алдамшы. Апатит, сфен, магнетит, кварц, калишпат, эпидот кездеседі. Кварц пен калишпат негізгі компоненттер арасындағы кеңістікті толтыратын микропегматитті өсінділерді құрайды. Таужыныс диорит құрылымымен сипатталады, орташа мөлшері 1-2,5мм. Желі диориттері көбінесе айқын порфир құрылымымен сипатталатын диорит-порфириттерге айналған. Желілі диориттер мен диорит-порфириттер бірдей құрамға ие, олар бір-бірінен құрылымдық ерекшеліктерімен ерекшеленеді.

2.5 Интрузия тектоникасы

Сипатталған массив ішінде интрузияның үш фазасы кездеседі. Жасы бойынша Қазақстанның басқа аудандарындағы интрузив массивтеріне ұқсас бірінші фазаның таужыныстары ерте варис кезеңіне жатады. Бірінші фазаның жыныстарымен интрузивті байланыс негізінде қалған екі фазаның жыныстарының жасын пермь деп санаймыз.

Бірінші фазаның жыныстарында қызғылт, сұр және қара сұр габбро диориттері, диориттер, кварцты диориттер, гранодиориттер және олармен байланысты аз қалыңдықты кварц желілері бар; екіншісі-биотит, биотит-мүйізді және сілтілі граниттер, сонымен қатар кварц – пегматит желілері, желілі

аплиттер және гранит порфирлері. Үшінші фазаға ұсақ түйірлі биотит граниттері және олармен байланысты интрузивті гранит порфирлері мен аплиттер жатады.

Ең көп тарағандары – екінші фазаның биотит граниттері, олар бүкіл массивтің шамамен 80%-ын құрайды. Жарылымдар тектоника интрузиясының әр фазасы үшін бөлек зерттелді.

Ақжайлау гранит массивінде жеке-жеке 900-ден астам жарылымдар өлшенген. Құлау бұрышы және басқа морфологиялық белгілері бойынша оларды үш жүйеге бөліп қарастыруға болады:

- 1) құлау бұрышы $0-45^\circ$ болатын көлденең және жай жарықшақтар;
- 2) құлау бұрышы $45-80^\circ$ тік түсетін жарықтар;
- 3) құлау бұрышы $80-90^\circ$ тік жарықтар;

Диаграммалардағы жарықтар жүйесінің жазықтық элементтерінің бағытын зерттеу барысында, кейбір жарылымдар жүйелері симметриялы орналасқанын және созылу және құлау бағыты проекцияларының өзара қиылысуымен сипатталатындығын байқауға болады. Мұндай симметрия деформация эллипсоидінің осьтерінің біріне симметриялы орналасқан ең тік жарықшақтарды құрайды.

Жарылымдарды талдау негізінде интрузияның әр фазасы пайда болуының сыртқы және ішкі жағдайларына сәйкес келетін жарықтар мен деформация эллипсоидтарының кеңістіктік бағдарлануынан біршама ерекшеленеді деп айтуға болады.

2.6 Интрузивті таужыныстар стратиграфиясы

Интрузивтің белсенді байланысы бар ең жас шөгінді түзілімдер – көмір шөгінділерінің горизонты бар төменгі карбон құм-тақтатаc қабаты. Бұл қабат шартты түрде интрузивті жыныстардың пайда болуының төменгі стратиграфиялық шекарасын анықтайды.

Интрузивтің пайда болуының жоғарғы жас шегін анықтауға арналған стратиграфиялық критерийлер, интрузивтің стратиграфиялық байланысы бар свиталардың жасы болып табылады. Бұл жас палеозой және мезозой шөгінділері зерттелген аймақта анықталмаған. Интрузивтердің жалпы қалыңдығымен байқалатын жас ерекшеліктеріне қарай интрузивтердің жасы орташа карбоннан жоғарғы пермге дейінгі шектерде анықталады.

Интрузивтің прото- және жарылым тектоникасын, тау жыныстарының салыстырмалы жас ерекшеліктерін, сондай-ақ ауданның геологиялық құрылымын зерттеу ірі тектоникалық қозғалыстардың басым болғанын көрсетеді.

Әр түрлі жастағы интрузияларды бөлу кезінде біз келесі геологиялық критерийлерді басшылыққа алдық.

1. Интрузив шегіндегі интрузивті жыныстардың жекелеген жас топтарының геологиялық окшаулануы. Әр тәуелсіз интрузивті фазадағы тау жыныстарының петрографиялық құрамы мен құрылымының өзгерісі, кейбір

типоморфты минералдардың тұрақтылығы және бүкіл генетикалық серияға тән жалпы сыртқы белгілер.

2. Әр түрлі жастағы интрузиялар арасындағы жас ерекшелігі. Әр түрлі интрузиялардың түйісу жапсарында қиып өтуші интрузивті байланыстың және фазааралық эруптивті брекчияның болуы және әр фазаның интрузиясының кристаллизациялық дифференциациясының соңғы сатысын сипаттайтын өз желілі формациясының болуы.

3. Бірқатар жүйелі фазалардың интрузиясының жапсарларында шөгінді-метаморфтық қабаттардың өзгерістерге ұшырауы. Интрузивті жыныстардың өздері жасына байланысты метаморфизмнің әртүрлі деңгейімен сипатталады.

Аталған геологиялық критерийлер тау жыныстарының қалыптасуының келесі жас кезектілігінде болған күрделі көпфазалы интрузияға жатқызуға мүмкіндік береді.

I фаза: 1) габбро, габбро-диориттер және диориттер;

